

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч. I.- Б.105-106.

УДК 636.3.083

MICHAEL & KATHRIN WORLEIN ҚОЙ ФЕРМАСЫНДА ТӨЛДЕРДІ ӨСІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Икрамкулова Ф.Р. 5 курс студенті
Жанабаева Д.К. аға оқытушы, PhD
Айтқожина Б.Ж. аға оқытушы, в.з.к*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қой шаруашылығы халық шаруашылығының құрамдас бөлігі болып табылады. Мал шаруашылығының бұл қосалқы секторы қажеттілікті қамтамасыз етедіхалықты дәстүрлі шикізатпен және қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етедібіздің кейбір аумақтардың қатал табиғи-климаттық жағдайларыелдер.

Michael & Kathrin Worlein шаруашылығында меринос тұқымдасқойлары өсіріледі. Бұл қойлардың ерекшелігі олар жылына үш рет мамыр, тамыз және желтоқсан айларында қозылайды. Осы ерекшелігі меринос тұқымды қойларды өсірудің басты бір себептерінің бірі.

Қозыларды өсіру негізінен үш кезеңнен тұрады: төлдету маусымы, қозыны күтіп-бағу және қозыны саулықтан бөліп алу. Төлдеу маусымына дайындық саулық төлдейтін қораларды және бокстарды дайындаудан басталады. Бұл бөлімдерде астында жаңа сабан төселген, құрғақ, жарық және сумен қамтамасыз етілген болуы керек. Worlein шаруашылығы су жүйесімен қамтамасыз етілген және барлық қораларда автоматты су ішу құралдары орналастырылған. Қора астындағы сабан екі ай сайын ауыстырылып отырылады, бұл қора гигиенасында маңызды рөл атқарады [1].

Қозылау басталу маусымында буаз қойлар бір қораға кіргізіліп ұсталынады және жағдайлары үнемі тексеріліп тұрады.Төлдейін деп жатқан саулық қайта-қайта жан-жағына қарап, мазасызданып тұрады. Қозылау әдетте 40-50 минут жіргізіледі.Қозы туылған соң саулық пен қозыға бір-біріне үйренуге және саулық қозыны жалау арқылы иісін есіне сақтауына уақыт беріледі. Бұл өте маңызды, себебі керісінше болған жағдайда саулық өз қозысын бөтенсіп, желініне жақындатпай қояды. Егер саулық қайтадан беймазаланса екінші қозының шығуын күту қажет, кейде бірден үш қозы туылып жатады.1-2 сағат өткен соң қозылармен бірге саулықтарды бокстарға шығарып, саулықтарға су балансын сақтауға балғын су беріледі. Жаңа туылған қозылар міндетті түрде кіндіктері дезинфекцияланады. Себебі, кіндік арқылы жана туылған әрі бекінбеген қозы организміне микробтар еніп, қозы өліміне алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар, дезинфекциялау арқылы ол тезірек кебеді. Бұл өте маңызды процесстердің бірі.

Бір бас саулыққа тәулігіне нормаға сәйкес сабан,силос және концентраттар беріліп тұруы қажет. Саулық жақсы азықтанса қозы да жақсы өседі. Жалпы, жақсы жағдай жасалынса қозы тәулігіне 350 гр салмақ қосады. Қозыларды саулықтармен екі-үш аптадан соң бокстардан ірілеу қораларға ауыстырады. Ауыстырмас бұрын қозыларға идентификациялау жүргізіледі. Арнайы бояғыш арқылы қой мен қозы арқасына бірдей сандар жазылады.Осы арқылы қажет кезде қозы мен анасын тауып алуға болады. Содан кейін ғана ортақ қораларға жөнелтіледі. Мұнда ескере кететін жайт, қозылар саулық сүтінсіз азықтана алатынына толықтай сенімді болған кезде ғана ортақ қораға шығарған дұрыс [2, 3].

Осылай ортақ қораға шығарылған қозылар бір-бірімен әрекеттесіп, үйір болып өмір сүруге үйренеді. Екі-үш айдан соң қозылар саулықтардан ажыратылады. Бұл кезде қозылар 30-35кг салмағына жетіп, саулықсыз азықтана және өмір сүре алатын жағдайда болады. Жас қозылар ары қарай бірге үйірленіп, жайылымға шығуға даярланады.

Әдебиеттер тізімі

1 Гигиена содержания овец : учебное пособие [Текст] / сост.: Н.В.Иванова; Донской ГАУ.-Персиановский:Донской ГАУ. 2019.-34 с.

<https://www.stallbedarf24.de/ratgeber/laemmeraufzucht-alles-was-du-wissen-musst/#respond>

2 Breeding Ewe Lambs: An Australasian Perspective by Paul R. Kenyon and Rene A. Corner. Thomas. [Text]/ School of Agriculture and Environment, Massey University, Private Bag.-2022.

3 Palmerston North 4410, New Zealand Author to whom correspondence should be addressed [Text]/ Animals.- 2022. - №12 (22).